

**Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісін қолдану туралы келісімге қол қою туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 18 мамырдағы N 425 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісін қолдану туралы келісімнің жобасы мақұлданын.

2. Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісін қолдану туралы келісімге қол қойылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

*Жоба*

<b>Еуразия</b>	<b>экономикалық</b>	<b>қоғамдастығына</b>	<b>мүше</b>
<b>мемлекеттердің</b>	<b>нарығындағы</b>	<b>өнімнің</b>	<b>бірыңғай</b>
<b>айналым</b>	<b>белгісін</b>	<b>қолдану</b>	<b>туралы</b>
<b>келісім</b>			

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Еуразия экономикалық қоғамдастығына (бұдан әрі - ЕурАзЭҚ) мүше мемлекеттердің үкіметтері, 1999 жылғы 26 ақпандағы Кеден одағы және Бірыңғай экономикалық кеңістік туралы шартты және 2000 жылғы 10 қазандағы Еуразия экономикалық қоғамдастығын құру туралы шартты басшылыққа ала отырып, өзара саудадағы негізсіз шектеулерді жоюға ұмтыла отырып, әкелінетін өнімнің адам өмірі мен денсаулығы, қоршаған орта үшін қауіпсіздігі мен сапасының кепілдіктерін қамтамасыз етуде өзара мүдделілікті ескере отырып, төмендегілер туралы келісті:

**1-бап**

Осы Келісім мақсаттары үшін пайдаланылатын ұғымдар мыналарды білдіреді:

"ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісі", "бірыңғай айналым белгісі" - сатып алушыларды айналымға шығарылатын өнімнің ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігі туралы хабардар ету үшін қызмет ететін белгілеу;

"өнімнің сәйкестігін растау" - ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына өнімнің сәйкестігін құжаттамалық куәландыру;

"өнім" - материалдық-заттай нысанда ұсынылған және шаруашылық пен өзге де

мақсаттарға одан әрі пайдалануға арналған қызмет нәтижесі;

"ЕурАзЭҚ-тың техникалық регламенті" - ЕурАзЭҚ шеңберінде қабылданған және қолдану мен орындау үшін өнімнің қауіпсіздігіне міндетті талаптарды белгілейтін құжат.

## **2-бап**

Еуразия экономикалық қоғамдастығына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісі ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келетін өнімді таңбалау үшін қолданылады.

## **3-бап**

Бірыңғай айналым белгісінің нысаны мен мөлшері, сондай-ақ олармен өнімді таңбалау тәртібі ЕурАзЭҚ-тың Мемлекетаралық кеңесі (үкімет басшылары деңгейінде) бекітетін ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің нарығындағы өнімнің бірыңғай айналым белгісі туралы ережеде белгіленеді.

## **4-бап**

Бірыңғай айналым белгісімен таңбаланған өнім одан өнім айналымға (сатуға) түсетін ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделген сәйкестікті растау туралы құжаттарды өнімді дайындаушы қайта ресімдеместен ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумағында сатылады.

## **5-бап**

Осы Келісім өнімді ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттердің аумағына әкелу (әкету) кезінде санитарлық, ветеринарлық және фитосанитарлық шараларды қолдану мәселелерін қозғамайды.

## **6-бап**

Бірыңғай айналым белгісімен таңбаланған өнімнің ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігі ол шығарылатын ЕурАзЭҚ-қа мүше мемлекеттің заңнамасында белгіленген тәртіппен расталуға тиіс.

## **7-бап**

Тараптардың уәкілетті органдары осы Келісімді іске асыру кезінде туындаған анықталған бұзушылықтар туралы бір-бірін хабардар етеді және бірыңғай айналым белгісімен таңбаланған өнімнің ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкессіздігі анықталған жағдайда өз мемлекеттерінің заңнамасына сәйкес шаралар қ а б ы л д а й д ы .

Бірыңғай айналым белгісімен таңбаланған өнімнің ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкессіздігі үшін айналымға (сатуға) түскен өнімді өзінің айналым белгісімен таңбалаған дайындаушы жауапты болады.

## **8-бап**

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға немесе түсіндіруге байланысты даулар Тараптар арасындағы консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

## **9-бап**

Тараптардың уағдаласуы бойынша осы Келісімге жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер енгізілуі мүмкін.

### **10-бап**

Тараптардың кез келгені осы Келісімнен депозитарийге бұл туралы жазбаша хабарлау жолымен шыға алады. Бұл Тарап үшін осы Келісімнің қолданылуы депозитарий осындай хабарламаны алған күнінен бастап 6 айдан кейін тоқтатылады.

ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитеті осы Келісімнің депозитарийі болып табылады.

### **11-бап**

Осы Келісім депозитарийдің Тараптардың оның күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарламаны алған күнінен бастап күшіне енеді.

200\_\_\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ қаласында орыс тілінде бір түпнұсқа дана да жасалды.

Түпнұсқа дана әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жіберетін ЕурАзЭҚ-тың Интеграциялық комитетінде сақталады.

<i>Беларусь Республикасының</i>	<i>Ресей Федерациясының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
<i>Қазақстан Республикасының</i>	<i>Тәжікстан Республикасының</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Үкіметі үшін</i>
	<i>Қырғыз</i>
<i>Үкіметі үшін</i>	<i>Республикасының</i>